

Лицензиялау мәселелері

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 19 тамыз N 122-ө
Үкіметтің нормативтік құқықтық актілерін лицензиялау қатынастарын реттейтін заң
актілерімен сәйкестікке келтіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:
орталық атқарушы органдармен және ведомстволармен бірлесіп Қазақстан
Республикасының Үкіметіне бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің " Лицензиялау туралы" Z952200_ заң күші бар Жарлығы мен лицензиялау туралы басқа
да заң актілеріне сәйкес лицензиялау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық
актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі қаулының жобасын енгізсін;

Қазақстан Республикасының Үкіметін орталық және жергілікті атқарушы органдар,
ведомстволар қабылдайтын актілерінің қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігі туралы
ү н е м і х а б а р д а р е т і п о т ы р с ы н .

2. Жергілікті атқарушы органдар өз нормативтік құқықтық актілерін, лицензиялау
туралы заңдарға сәйкес келтіру жөнінде жұмыс жүргізсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:
қабылданатын және әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан
Республикасының Конституциясына, заңдарына Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлықтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына
сәйкестігіне айтарлықтай назар аударсын және мұндай жолсыздықтарды болдырмасын;

заң актілеріне сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды уақытында
енгізуді қамтамасыз етсін;

лицензиялау туралы заңдардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда
сақталуы жөнінде осы ұйымдарда тексеріс жүргізсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК